

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

\*Бахтиярова Г.Р.<sup>1</sup>, Мейірханова А.А.<sup>2</sup>, Сағадатов Р.Т.<sup>3</sup>

<sup>\*1</sup>п.ғ.к., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан  
e-mail: aibol04@mail.ru

<sup>2</sup>п.ғ.магистрі, оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
e-mail: aidon1395@mail.ru

<sup>3</sup>п.ғ.магистрі, оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
e-mail: raibek.sagadotov.94@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада адамзат өміріндегі қарым-қатынас тіршілік пен танымның, білім мен мәдениеттің маңызды бөлшегі ретінде қарастырылып, осы мәселенің бүгінгі күнгі зерттелу деңгейіне түрлі ғылыми еңбектер негізінде шолу жасалады. Қоғамдық қарым-қатынас үдерісінде ең алдымен адамдарды мәдениетке тәрбиелеудің маңыздылығы мен қажеттілігі айқындалып, қазіргі таңдағы тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетінің жай-күйіне сипаттама беріледі. Осы орайда мақалада қазақ даласының кемеңгер ойшылы, ақын, ағартушы, ұлт ұстазы атанған Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы бүгінгі студент жастарды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің ғылыми-практикалық мәні мен маңызы жан-жақты баяндалады.

Сонымен қатар жоғары оқу орны студенттеріне тән бүгінгі қарым-қатынас ерекшеліктері сипатталып, олардың тұлғалық әлеуметтенудегі жетекші рөлі сөз етіледі. Жоғары оқу орны білім алушыларына тән қарым-қатынас мәдениетін кеңінен зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары мен ғылыми-зерттеу нәтижелері талданып, бүгінгі күнгі тәжірибемен сабақтастырылады. Қазақ халқының ұлттық рухани құндылығы жүйесінен өзіндік айрықша орын алатын тарихи тұлға, ақын – Абайдың мағыналы ғұмырын, оның жетілу арналарын бағамдап, ой алыбы ретінде қалыптасу жолын көрсететін Абайтану тарихы мен Абай мұрасының танымдық-тәрбиелік орнын дәріптеудегі зерттеуші-ғалымдардың идеялары жан-жақты сараланады.

Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы оның рухани педагогикалық мәні мен маңызы зор қарым-қатынас мәселесін арқау еткен шығармаларына, әсіресе, қара сөздеріне талдау жасай келе, олардың ішкі мазмұнының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы ықпал ету күші мен түрлі сипатына ие екендігі атап көрсетіледі. Осы тұста бүгінгі академиялық ортадағы студенттерді қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудегі ақын шығармаларының танымдық, тәрбиелік маңызы мен мүмкіндіктері тұжырымдалып, оны жастар арасында кеңінен насихаттау мен ЖОО-ғы оқу-тәрбие үдерісінде мақсатты, жоспарлы түрде үйлесімді пайдаланудың қажеттілігі көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** тәрбие, ЖОО студенттері, қарым-қатынас, тұлғааралық қарым-қатынас, қарым-қатынас мәдениеті, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, ұлттық құндылықтар, Абай Құнанбайұлы шығармалары

### **Негізгі ережелер**

Әлемдік өркениет пен ұлттық құндылықтар негізінде жоғары мәдениетті тұлға тәрбиелеп, қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Еліміздегі 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және оқыту болып табылады[1]. Бұл мақсат ұлттың генетикалықкоды ретінде саналатын тарихи дәстүр мен мәдениетсабақтастығын сақтай отырып, жастарға тәрбие мен білім берудің маңыздылығы мен өзектілігін аңғартады.

Қазақтар өзіне ғана тән қайталанбас болмысынан адамдықты, өзгелерге деген шексіз пейіл мен жомарттықты, кеңдік пен дархандықты, болаттай беріктік пен төзімділікті дәріптейтін халық. Қазіргі кезеңде де қазақ елі үшін әрбір азаматының бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарға бағытталған жаңа қасиеттерді, қоғамға деген сүйіспеншілікті, қарым-қатынастағы бауырмалдық пен қайырымдылықты, қандай да бір қиын сәттердегі табандылық пен шыдамдылықты төл мәдениетіміз аясында қалыптастырудың маңыздылығы артуда.

Бұл орайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауының «Ұлттың жаңа болмысы» деп аталатын бағытында: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттілігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс» деген болатын [2].

Осы мемлекет басшысынақты атап көрсеткен жаңарған ұлт болмысынан тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетінің де ерекше орын алатындығы сөзсіз. Өйткені, қоғам дамуының қай кезеңін алып қарасаңыз да, адамзат баласы үшін өз маңыздылығы мен қажеттілігін жоймаған құндылықтардың бірі – *адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениеті*.

Бүгінгі таңда ЖОО-да болашақ мамандарды даярлау бағытында да бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші ретінде қойылатын басты талаптардың бірі – маманның кез келген ортада өзін жоғары мәдениет иесі ретінде көрсете алуы. Сол себептен де жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби біліктілігімен қатар қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың маңызы өте зор.

Бұл орайда, елімізде ғылым, білім, мәдениет саласында жүргізіліп жатқан елеулі шаралардың барлығы дерлік бүгінгі жастарымыздың жоғары мәдениетті, елінің ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, жан-жақты жетілген жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталуда.

## **Кіріспе**

Адам-адам жүйесіндегі қарым-қатынас – дүниетаныммен, тарихи санамен, мәдениетпен, саналы ойлаумен, тілмен, жалпылай алғанда адамгершілік қасиеттермен сабақтасып жатқан көп құрылымды, көп қырлы, күрделі ұғым.

Қарым-қатынас – адам өміріндегі маңызды қажеттіліктердің бірі, тұлға үшін қоғамда өмір сүру мен әлеуметтенудің, дамудың басты шарты. Қарым-қатынасты білім мен біліктіліктің, дағдының, мәдени сауаттылықтың құрамдас бөлшегі тұрғысынан қарастыруға болады.

Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті туралы ой-тұжырымдар барша түркі мәдениетіне ортақ Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А. Яссауи және т.б. сынды ұлы дала ойшылдар мен ғұламалардың еңбектерінен бастау алған.

Ресей ғалымдарынан Л.Н. Коган, Е.Г. Злобина, Н.Д. Шмайлова, Т.В.Иванова, В.Н. Панкратов және т.б. жеке тұлға болмысына тән қарым-қатынас мәдениеті жөнінде өз зерттеулерінде арнайы сөз етіп қарастырса, отандық ғалымдар: Е.Омар, Г.И. Қалиева, З.А. Исаева, К.Ж. Төребаева, Г.Н.Көшербаева, М.Н. Есенғұлова және т.б. жоғары мектеп білім алушыларының қарым-қатынас мәдениетін дамытып, қалыптастырудың түрлі аспектілерін жан-жақты зерделеп, түрлі қырынан сөз етеді.

Ал, З.Ж.Кашкимбаева, Г.Н. Тасбулатова, Е.Ш. Қозыбаев, А.Д. Яндаров, А.К. Канапин және т.б. ғалымдар еңбектері жалпы білім беретін орта мектептегі педагогикалық үдеріс барысында жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктері мен жолдарын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, тұжырымдауға талпынған.

Жоғарыда атап өткеніміздей болашақ маман-педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған зерттеулер бірқатар ТМД және отандық ғалымдар тарапынан кеңінен зерделеніп, қарастырылып жүр. Дегенмен, қазіргі жастар мен жасөспірімдер болмысының, көзқарасының түрлі дамукезеңдеріне тән психологиялық ерекшеліктерге орай өзгеріске ұшырап отыруы, ата-ана мен бала, оқытушы мен білім алушы қарым-қатынасындағы қарама-қайшылықтар мен түсініспеушіліктердің орын алуы, құрдастар тобы арасында жек көру мен ашу-ызаның, зорлық-зомбылықтың және т.т. түрлі қарым-қатынас мәдениетінің осал қырларының күн санап артуы аталған мәселенің әлі де болса бүгінгі таңдағы өзектілігін көрсетіп отыр.

Осы тұста болашақ маман ретінде кәсіби тұлғалық болмысы жаңа арнада қалыптасып келе жатқан жоғары оқу орны студенттерін қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуде түрлі кезеңдердің өкілдері тарихи тұлғалар, ғұлама ойшылдар еңбектеріндегі адамдар арасындағы әдеп, ізгі қарым-қатынас, өзара сыйластық мәселесіне көңіл аудартудың маңызы ерекше. Бұл мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір тиімді жолы – ұлттық құндылығымыз саналатын қазақ халық педагогикасының әлемдік деңгейдегі танымал өкілі, ұлы ағартушы *Абай Құнанбайұлының* рухани мұраларын басшылыққа алып, нақты тәжірибеде тиімді пайдалану деп білеміз. Ұлы ақын Абай өз туындыларында қазақ халқының ұлттық болмысы мен ойлау жүйесіне терең бойлай отырып, оның өзіндік ерекшелігін, алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты жан-жақты мұндап, зерделеді. Ұлы ақынның пайымдауынша: «Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне

бірлестіруге болады» [3]. Ал, олай болса барша адамзатқа ортақ тұлғааралық мәдениеттің қайнар көзі Абай шығармаларының өн бойынан таралатындығына еш күмән келтіруге болмайды.

Отандық этнопедагогика ғылымы саласындағы танымал ғалым, профессор С.А.Ұзақбаева халық педагогикасы идеяларының ағартушылар ойларымен үндестігін жан-жақты зерттей келе: «Абай өз заманындағы өмірдің ең маңызды, ең өзекті мәселелерін қозғаған, шырқыраған шындығын толғаған, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өз өрісі өте кең, ой толғамы түпсіз терең, көркемдік сезім әлемі шексіз шалқар ақын. Оның ұрпаққа қалдырған мол мұрасын қай қырынан алып қарап зерттесе де, теңіздей әсте сарқылмайтын, әрі зерттеген сайын сан сыры, қилы қыры ашыла түсетіні сондықтан», - деп ұлт ұстазының қазақ халқына тән дәстүрлі педагогикалық мәдениетті құрайтын құндылықтар жүйесін танытудағы терең ойлы даналығын, оның идеяларының бүгінгі ғылым теориясы мен тәжірибесіндегі маңыздылығын атап көрсетеді [4, 314-315 б.].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырады. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың осындай мол мұрасы бүгінгі қазақ халқының ұлттық болмысын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі», - деп ұлы ақын мұраларының бүгінгі жастарды дәстүрлі ұлттық құндылықтарға, озық мәдениет үлгілеріне тәрбиелеудегі маңызын, педагогикалық мәнін одан әрі айқындай түседі [5].

Ұлы ақын туындылары біздің бүгінгі болмысымызды, өмірімізді, рухани жандүниемізді, қарапайым күнделікті тыныс-тіршілігімізден бастап, жоғары имандылық пен адамгершілікке дейінгі аралықты пайымдап, тұжырымдайтын тағылымға толы, құнды мәдени мұра болып табылады. Абай мұраларының тарихи орнын дәріптеуде халқымыздың біртуар азаматтары да өз замандарында мол еңбек сіңірді. Атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов және т.б. Әрине, бұл орайда Абайтанудың негізін қалаған М.Әуезовтың есімі мен еңбегінің алар орны ерекше. Сонымен қоса, ақын мұрасына философиялық тұрғыдан зерттеу жүргізген отандық ғалымдар: А.Машани, Ғ.Есім, Т.Тәжібаев, М.Орынбеков, Б.Р. Қазыханов, Т.Қ. Айтқазин; *әдебиеттанушы, тіл заңдылықтарын зерттеуші педагогтар*: Х.Сүйіншәлиев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Әлімқұлов, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, Р.Сыздықов және т.б. ізденушілердің

ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері Абай шығармаларын бүгінгі тәрбие тәжірибесінде пайдалануға мол мүмкіндіктер береді.

Абайдың ақындық мектебін, даналық ойларын педагогикалық тұрғыдан зерттеп, зерделей келе оның тәлім-тәрбиелік күшін, этнопедагогикамен байланысын негіздеп берудегі отандық ғалымдар: Ш.Әлжанов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, А.Қ.Көбесов, Г.Р. Бахтиярова және т.б. есімдері мен еңбектерін айрықша атауға болады[6,3б.]. Осы және өзге де ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы жоғары оқу орны студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін, өмірге қажетті икемді дағдыларын қалыптастырып, білімге, тарихи, ұлттық рухани-мәдени мұраларға деген құрметін, қызығушылығын арттыруға болады деп есептейміз.

### **Материалдар мен әдістер**

Пайымдап қарасақ, өзге тіршілік иелерімен салыстырғанда тек адам баласы ғана осынау жарық дүние есігін ашқан сәтінен бастап, бұл өмірден озып өткен уақытына дейін «адам – адам» жүйесінде әлеуметтік қызметі мен құрылымы жағынан күрделі, әрі алуан түрлі қарым-қатынас кеңістігіне енеді.

Адам ауасыз өмір сүре алмаса, қарым-қатынас та өз маңызын сол деңгейде сезіндіреді. Адам үшін қарым-қатынас – оның ең басты тіршілік ету ортасы. Қарым-қатынассыз адамның жеке тұлғасын, болмысын қалыптастыру, оны жан-жақты тәрбиелеп, ақыл-ойын дамыту мүмкін емес.

Ғылымдағы «қарым-қатынас» категориясы латынның «қоғам, қауым, ортақ» деген мағына білдіретін «communis» ұғымынан шыққан. Әлдекімен ақпарат алмасу үшін ең алдымен осы негізгі іс-әрекеттің түрі ретіндегі қарым-қатынасқа, байланысқа түсіп, содан кейін бірлескен қызмет барысында ортақ көзқарасқа жетуге болады.

Мақсатты, жүйелі жүргізілген теориялық талдаулар барысы «қарым-қатынас» ұғымының мәнін ашуда Б.Ф. Ломов, Б.Д. Парыгин, А.Б. Добрович, А.А. Леонтьев, Л.А. Петровская, В.Н. Панферов, В.М. Бехтерев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, Н.Ф. Добрынин, М.М. Бахтин, А.А. Ухтомский және қазақстандық ғалымдар: Ж.Ы. Намазбаева, Х.Т. Шерьязданова, Л.К. Ермекбаева, И.А. Әбеуова, Р.Н. Алибаева, М.Ә. Әмірбекова және т.б. зор үлес қосып, өздерінің ғылыми еңбектерін арнағандығын айқындап берді.

Жалпы қайсыбір ғалым болмасын қарым-қатынасты адамдардың өмір сүру барысының негізгі көзі саналатын, жан-жақты үйлесімді дамуға тікелей ықпал ететін рухани қажеттіліктің бастауы, сонымен қатар адамның бар болмысын танытатын философиялық, әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырады.

Б.Ф. Ломов қарым-қатынас пен іс-әрекетті адам өмірінің теңдей екі жағы ретінде бағалап, тұлғааралық қарым-қатынасты сол іс-әрекеттің әмбебап формаларының біріне (біліммен, еңбекпен, ойынмен қатар) жатқызады [7].

Ғалым Б.Д.Парыгин қарым-қатынастың күрделілігін оның бір уақытта ақпараттық, адамдардың бір-біріне қатынасы, олардың бір-біріне өзара әсер етуі және өзара тәжірибе алмасуы секілді қызметтерді бірдей атқаруымен байланыстырып, түсіндіреді [8].

Ал В.Н.Панферов өз зерттеулерінде қарым-қатынасүдерісінің адам өмірінде атқаратынмаңызды алты функциясын (коммуникативті, ақпараттық, когнитивті, эмоционалды, конативті,шығармашылық) атап көрсетеді[9].

Сол секілді қарым-қатынастың психологиядағы тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу мәселелері В.М.Бехтерев, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн және т.б. ізденістерінде ғылыми көзқарастар дамуының түрлі кезеңдерінде ерекше орын алып, олар қарым-қатынасты адамның психикалық дамуы, әлеуметтенуі және даралануы мен жеке тұлға болып қалыптасуының маңызды шарты деп есептейді.

Ғылыми тұрғыдан осы «қарым-қатынас» категориясының мәнін түсіндіріп, дамытуда әлеуметтік психология өкілдері, Ресей ойшылдары М.М.Бахтин мен А.А.Ухтомскийдің үлесі зор болды. М.М.Бахтин қарым-қатынасты «адамдар арасындағы өзара диалог» ретінде көрсе, ал, А.А.Ухтомский «ортақ пікіралушылардың бір-біріне үстемдік жүргізуі» деп бағалайды. Жалпы екі ғалым да қарым-қатынасты әрбір адамның қайталанбас даралығының болуы және дамуымен байланыстырады.

Танымал психолог А.А.Леонтьев: «қарым-қатынас – адамның әлемге деген қатынасы, оның өмір сүру белсенділігінің көрінісі. Тек осы қарым-қатынас нәтижесінде ғана адамзат пайда болады, адам мен адам өзара әрекеттескенде және қарым-қатынасқа түскенде ғана «адам адамға», өзгелерге, сондай-ақ өз-өзіне ашылады», - деп осы негізгі іс-әрекет түрінің табиғатын түсіндіріп береді[10, 6 б.].

Қарым-қатынас туралы жоғарыда келтірілген ғалымдардың ой-пікірлері мен көзқарастарын жан-жақты саралай келе, біз *қарым-қатынасты* адамдар арасындағы ортақ іс-әрекеттер қажеттілігі мен тұлғааралық ақпарат алмасуды қамтамасыз етуші көп қырлы, күрделі, әрі тұлға қалыптастырушы маңызды және жетекші мәнге ие мәдениет құраушы үдеріс деп тұжырымдаймыз.

Қарым-қатынас биологиялық тіршілік иесі адам баласын тұлға етіп қалыптастырушы, жетекші, маңызды фактордың бірі ретінде, оның барлық жас кезеңіндегі әлеуметтенуінің шешуші де, қажетті өмірлік шартына айналады.Сондай-ақ, біз қарым-қатынас ұрпақтар сабақтастығын сақтаушы, қоғам мен адамдар арасын жалғастырушы«алтын көпір» іспеттес, өмірдің барлық қырын қамтитын, қоғамдық, әлеуметтік институттар мен адамзат арасындағы бірлескен саналы, мақсатты іс-әрекеттер қажеттілігін тудыратын процесс деп білеміз.

Қарым-қатынас адам болмысынқалыптастырушы, маңызды факторлардың бірі болып, оның әлеуметтенуінің қажетті шартына айналады. Қарым-қатынас қоғам мен адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адамның өзге адамдармен қарым-қатынасынсыз жеке тұлға болып қалыптасуын, жалпы тыныс-тіршілігін елестету де мүмкін емес, өйткені,әр тұлғаның жеке

өмірібүкіл адамзатқа тән тарихи ұрпақтар сабақтастығын сақтауға тікелей ықпал етеді.

Осындай қарым-қатынаста жоғары мәдениет иесі болу – әрбір адамға өмірдің барлық кезеңінде тек шынайы жетістік алып келеді. Қарым-қатынас үдерісін тиімді жүзеге асыру да жеке тұлғаның қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасып, даму деңгейіне байланысты.

Бұл орайда біз академик П.П.Пиотровскийдің: «Мәдениет адамға биологиялық тұрғыдан (тұқымқуалау арқылы) берілмейді. Ол тек бір жолмен, яки, білім мен тәрбие беру арқылы ғана жүзеге асады. Біздің құндылықтарымыз неғұрлым саналы түрде ақыл мен жүрек таразысынан өтіп, қайта қорытылса, соғұрлым әр жаңа ұрпақтың, жеке адамның мәдениет деңгейі туралы сөз етуге болады», - деп жасаған орынды тұжырымын негізге аламыз [11, 210 б.].

*Қарым-қатынас мәдениеті*– қарым-қатынастағы мәдени нормаларды, этикет пен шектеулерді сақтау, коммуникативті, интерактивті, қабылдау, сөйлеу дағдылары мен икемділіктерді, ауызша және жазбаша қарым-қатынас құралдарын, олардың өзара әрекеттесу формаларын дұрыс таңдай алу, кері байланыс орнату мүмкіндіктерін игеру деп тұжырымдауға болады.

Адам өмір сүру ортасының мәдениетін құрайтын өзіне қажетті түрлі қатынастардың, білімдер мен идеалдардың, белгілі бір заттардың ортасында өмір сүретіндігі ақиқат. Демек, тіршілік ету ортасының мәдениеті тұтастай дерлік жеке тұлғаның және қоғамның қалыптасып, дамуына тікелей әсер етеді [11,211 б.].

Жоғарыда көрсетілген түрлі сапалар адамдардың әлеуметтік өзгерістер жағдайында қарым-қатынас мәдениетіне бейімделуіне мүмкіндік береді. Қазіргі таңда осы аталған сапалық қасиеттердің жеткіліксіздігі көп жағдайда жастар мәдениеті арасында жиі талқылауларға ие. Сол себепті кіші буынға жоғары мәдениетті қарым-қатынас үлгісін көрсетуші болып саналатын жоғары оқу орны студенттерінің қарым-қатынас сипаттарына, олардың ерекшеліктеріне және оның бүгінгі жай-күйіне, өзіндік табиғатына айрықша мән беріп, жан-жақты танудың, жіті көңіл бөлудің маңызы зор деп білеміз.

*Студенттік шақ*– бұл тұлға үшін әлеуметтенудің, адамгершіліктұрғыдан дамып, қалыптасудың, моральдық мөлшерді меңгерудің қарқынды жүзеге асатын айрықша кезеңі. Сол себепті де, студенттік шақта тұлғааралық қарым-қатынас жастардың өмірінде ерекше орын алып, олар үшін дербес құндылық болып табылады. Танымал педагог К.Д.Ушинский бұл кезеңді «маңызды ең шешуші»деп атайды, өйткені осы жас кезеңі – студенттің өз бетінше қарқынды жұмыс жасайтын, болашағын айқындай түсетін өте белсенді уақыты.

Студенттік шақтағы бірінші қажеттілік– мүдделеріжанадан пайда болған ортақ құрбы-құрдастармен достық қатынастар орнату, топта бір-бірін түсіну, ұқсау, еліктеу, өнеге алу, үйрену, ғашықтықты бастан өткеру, отбасын құру, ортақ сезімдерді сәйкестендіру, адамгершілік тұрғыдан көмек қолын созу, жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын қадағалай білу және т.т.Студенттік кезеңде құрдастар тобынан өзге жаңа қоғамдық ортамен,

жырақта қалған ата-ана, жақындарымен, педагогикалық ұжыммен, оқытушылармен сыйласымды, бірлескен іс-әрекет тәжірибесін меңгеру де өте маңызды. Сондықтан осы аталған қарым-қатынас түрлерінде тұлғааралық кикілжіңдерді дұрыс шешіп, жаңаны қабылдап, танудағы әдеп пен ибаны сақтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету арқылы жағымды қарым-қатынас орната білу жоғары мәдениеттілікті қажет етеді.

Студенттік шақта жастар адами қарым-қатынастардың ішіндегі ең маңыздысы – жолдастық, достық қатынас деп санап, жеке басы күйзелістерін, армандарын, идеалдарын салыстыруға, өзі туралы айтуға, ішіндегі бар сырымен бөлісуге дайын жанына жақын жандарды іздей бастайды. Дегенмен, бұл кезеңдегі жастардың достық туралы түсініктері мен дос таңдаудағы тәжірибесі жеткіліксіз, әрі түрлі мәнге ие болып келеді. Бұл тұста Абай атамыз: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» атты отыз төртінші сөзінде: «Бес күндік өмірде бір-біріңе қонақсың, сөйте тұра бір-біріңмен өшігіп, жауығып, не болса соған көрсеқызарлық жасап, дүние қуанышының өзін дұрыс бөлісе алмай жатқандық Алла ісіне лайық па?» деген ой тастайды [12, 410 б.]. Дана ой иесінің осы тұжырымынан есті жастарымыз өмір сабағын алуға талап қылғаны жөн. Өйткені жаңа ортадағы жастардың арасындағы болмашы түсініспеушіліктердің, қарым-қатынастағы дағдарыстардың соңы түрлі өкінішті жәйттарға әкеліп жатқандығын біз күнделікті өмірде байқап жүрміз.

Ойшыл ақын достықты сонау көне ғасырдан бері адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан өміршең, айрықша мәнге ие ұғым ретінде, маңызды тұлғалық құндылықтар жүйесіне жатқызып, адамдар арасындағы шынайы сезімге, адалдыққа құрылған достық, жолдастық қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Ал адал достықтың өлшемін жаны мен малы үшін, қарабас күні үшін өзгеге жағымпазданып, екі жүзділік жасау деп түсінетін жалған достықты жеріне жеткізе қатаң сынайды. *«Жаман тату қазады өзіне ор, Оған сенсең, бір күні боларсың қор...»* - деп, өз мүддесін көксеген достықты әшкерелеп, жастарды жалған, жағымсыз жолдастан сақтандырады.

Ақын Абай достықтың қадірі мен сырын, өзіндік табиғатын:

*«Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес».* –

деп түсіндірсе, ал енді бірде ол:

*«Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,  
Тілеуі жақындығы – бірі сату.  
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас қайта айнымас қайран тату!»* -

деп достықтағы адам мінезінің ерекшелігін, тұрақсыздығын сынға ала отырып, өз пайымын оқырманына жеткізуге талпынады. Ұлы ойшыл Абай осы адам – адам арасындағы достыққа құрылған қарым-қатынас мәдениетінің сақталуындағы татулық пен өзара сыйластықтың, құрметтің болуын,



күншілдік пен өзгеге қиянат жасаудың достықтың басты дұшпаны екенін былайша:

*«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!» -*

деп шебер суреттеп береді [13, 165-166 б].

Ақын өз қаламынан туған осындай өлең жолдарында құрбы-құрдас, жора-жолдас, дос бола тұра, бірін-бірі жамандап, келеке ететін екіжүзділерді нағыз опасыз жандарға теңейді. Осылайша өз заманында достық пен қастықты, әділдік пен қиянатты басынан кешіріп, өмірлік ой түйген кемеңгер ойшыл Абай өзі ерекше құрметтеп, ардақтаған достық пен жолдастыққа құрылған қарым-қатынастың терең мәнін келер ұрпақтың санасына сіңіріп, өсиет студі алдыңғы аға буын өкілі ретінде азаматтық борышым деп білген.

Бұл орайда жастардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуында әр отбасында орныққан қарым-қатынас түрлері мен қалыптарының да әсері мол екені даусыз. Әсіресе, мектепті енді аяқтап, жаңа өмір салтына аяқ басқан студенттік кезеңде әрбір жас ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті, қолдау мен сенімділікті бұрынғыдан да өте қажетсінеді. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, материалдық-психологиялық тұрғыдан қолдаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы, бағыттаушы жан болып табылады. Сондай-ақ, студент үшін жоғары мектеп жағдайында жаңа ортадатанылған оқытушылар тұлғасының да тәрбиелік ықпал күшін жоққа шығара алмаймыз.

Абай өз шығармаларында баласының бейімін толықтай танып, әуелдегі қызыққан дүниесіне деген ұмтылысын мұқалтып алмай, ғылым мен білім жолына жетектеген ата-атаның, ұстаздық етуші жанның әрекетін дұрысқа бағамдап, жалпыға ортақ мақсат «Баланы оқытуды жек көрмедім» деп өзіндік ой түйеді.

Осы тұста Абай отбасы қарым-қатынасында әр өскелең жастың азамат болып ержетуіндегі басты жауапкершілік отбасындағы әкеге артылатын жүк екенін ескертіп, әке беделі мен ақылының ықпалы болмай мағыналы, берекелі өмір сүру, өз ұрпағының бойында имандылық пен адамгершілікті қалыптастырудың мүмкін еместігін айқындап көрсетеді. Сондықтан баланы кемел тұлға етіп тәрбиелей отырып, рухани-жан дүниесі бай мәдениетті, жан-жақты жетілген азамат ретінде қалыптастыруда ең алдымен ата-ананың өздерінің сол дәрежеге қол жеткізіп, үлгілі, өнегелі болуын қатаң талап етеді.

*«Басында әке айтпаса ақыл жарлық,  
Ағайын табылмаса ой саларлық.  
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,  
Түбінде тартықызбай ма ол бір зарлық?» -*

деп, келешек жастарға өмірді қызықтап, белгілі бір мақсатсыз, бойкүйездікке салынып босқа өткізудің соңы өкінішке алып келетінін, қалайда ата-ананың ақылына жүгініп, көңіл бөлу, басшылыққа алу керек екенін еске салады [14, 45 б.].

Хакім Абай дәстүрлі қазақ отбасы қарым-қатынасындағыәке қамқорлығымен қатар әйел-ананың атқаратын рөлін, алар орнын айрықша бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусындап өсуі, оның ана қасиетін биік тұрғыдан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те, пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше қастерледі. Сол себепті өскелең ұрпаққа ананы қай жаста болмасын бала үшін алғашқы және өмір бойғы ең аяулы жан деп танытты[15,30 б.]. Осындай Абай тұжырымдап берген қазаққа тән дәстүрлі тәрбие қағидалары жоғары мектеп оқытушыларының бүгінгі жастар тұлғасын тәрбиелеп, қалыптастырудағы басты ұстанымдарынан өз орнын алуы тиіс.

Бүгінгі қоғамдағы жастар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда студенттік кезеңге тән тағы бір ерекшелік –жоғары мектеп жағдайындағы білім алушылардың жаңа академиялық ортамен, оқытушымен өзара түсіністікке құрылған үйлесімді қарым-қатынас ұстанымын сақтауға деген ұмтылысы.Әсіресе, оқытушымен қарым-қатынас– студенттұлғасыныңжан-жақты қалыптасуындағы жетекші мәнге ие, айрықша ықпал ету күшіне ие әлеуметтік жүйедегі басты құбылыстың бірі, яғни, қарым-қатынас барысында оқытушы мен студент бір-бірінің жеке тұлғалық ерекшеліктерін қабылдап, өзіндік ортақ көзқарастарына, сөйлеу мәдениетіне, жаңа талаптарға бейімделеді. Жоғары оқу орнында оқытушы әр түрлі кәсіби бағдарға ие білім алушылармен, әр түрлі студенттік топтармен араласып, ортақ мақсатта әрекет ететіндіктен, олардың арасында қарама-қайшылықтар мен кедергілердің туындауы дазаңдылық. Демек, оқытушы үшін де студенттік ортадағы педагогикалық қарым-қатынастың теориясын, ерекшелігін, этика нормасын білуі маңызды шарт. Егер оқытушы осындай жүйедегі педагогикалық қарым-қатынастың заңдылықтары мен феноменін жеткілікті деңгейде меңгерсе, студентпен бірге бүгінгі мәдениеттілік дәрежесіне сай қарым-қатынастың сапалық деңгейін қалыптастырып, жан-жақты дамыған маман иесін тәрбиелей алары сөзсіз.

Осы айтылған ой-тұжырымдарымыз да ерекше рух пен парасат иесі Абай атамыздың:

*«Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далағы.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға», -*

деген өлең жолдарынанүйлесімді үндестік табады [16, 141 б.].

Жоғары оқу орнында студент білім алып, болашақ мамандығына сай кәсіби құндылық бағдарын, өзін-өзі анықтауымен қатар, жалпы жеке өмірі туралы да ойланып, болашаққа жоспар құрады. Яғни, олардың тұлғалық келбетін анықтайтын сапалары мен қасиеттері тұрақты сипатқа ие болып, өмірлік ұстанымдары нақтыланады, қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлініп, жастар махаббат, ғашықтық сезімін бастан өткереді. Кейбір жастар студенттік кезеңде отбасылық өмірді қатар алып жүруге шешім қабылдайды.

Бұл тұста Абай өз шығармаларында қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынас мәдениетіне ерекше көңіл бөліп, ғашықтық пен құмарлықты шатастырып алмауға кеңес береді. Осы орайда ақын:

*«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!»*, -

деп отбасылық өмірге аяқ басатын жастарға жар таңдауда көрсе қызарлық нәпсіге бой алдырмай, адамды көркі мен сымбатына қарап бағаламай, оның адамдық келбетіне, ішкі жан дүниесіне үңіліп, ибалы, инабатты тәрбиелі болуына, ақыл-парасатына, көрегенділігі мен тектілігіне көңіл бөлуді ескертеді [17,60 б.]. Өлең мазмұнында Абай болашақ отау құрушы жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары болатынын, ол қиындықтарды жеңуге алдын ала дайындықтың, табандылық пен жауапкершіліктің керектігін еске салады. Некелескен жастардың бір-бірімен, отбасының өзге мүшелерімен, жора-жолдас, туған-туысқандарымен сыйлы қарым-қатынаста болуы өздерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетеді. Ұлы ақын некелік өмірдің табиғи тірегі мен құқықтық негізі – жастардың бір-біріне деген шынайы сүйіспеншілігі мен адал сезімінен деп бағалайды. Абай танымында ерлі-зайыпты адамдар арасындағы тең құқылық – шынайы сезімнің, адал махаббаттың бостандығы. Ал сол бостандықтың жүзеге асуы – некелік қарым-қатынас орнату деп түсіндіреді. Сондықтан да болар ақын өзінің туындыларында махаббатқа берік болуды, әйел мен ер адамның бірін-бірі сыйлап, шексіз бағалауын өсиет етеді.

Осылайша, біз ақынның даналық ойлары мен жыр жолдарына мазмұндық талдау жасай келіп, бүгінгі студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда құрбы-құрдас, ата-ана мен бала, оқытушы мен студент, қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынастүрлерінде өзіндік ерекшеліктің көрініс табатынын және оларды жүзеге асырудағы ақын Абай шығармаларының қаншалықты маңызға ие екендігіне куә болып отырмыз.

*Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуында тіл тазалығы мен сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті де үлкен рөл атқарады.* Қазіргі заман талабына орай жастардың жеке тұлға ретіндегі сапалары, кәсіби құзіреттілігі, ең алдымен тіл мәдениетінен, іс-әрекетінен байқалып тұрады. Сөйлеу тілінің тазалығы, олардың өз ойларын жеткізудегі сөздерді орынды қолдануына, топтағы туындап жататын даулы жағдайлардағы білдірілген пікірге, сөз саптауына қарап, студенттің сөйлеу мәдениетін танимыз.

Абайдың ақындық өнеріндегі ой толғамдары, ізгілік ұстанымдары кез келген адамды тіл мәдениетіне баулып, жетелейді. Қазіргі заман талабына сай, тұлға мәдениеттілігінің бір көрінісі – тіл мәдениетінің жоғары болуы, дұрыс сөйлеп, мәнді терең, зерделі ой айта білуі екені даусыз. Әр адамның сөйлеу мәнерінен, сөз қолданысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай кісі екенін аңғаруға болады. Бұл ойымызға: *«Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма»*, - деген ақынтұжырымы дәлел.

Жалпы дұрыс сөйлеуге дағдылану, тіл мәдениетінің шыңына жету оңай емес. Осы орайда Абай өз шығармаларында қарым-қатынастағы сөзі мен ісінің арасы жер мен көктей, өздері айтқан сөздеріне өздері лайық емес суайт, даңғаза болып келетін адамдарды арсыз, ұятсыздардың бірі деп қатаң сынайды. «Ұялмас бетке талмас жақ береді...» атты сөзінде мұндайлар сөздеріне қарасаң өлімнен де қорықпайды, ешкімге бас та имейді. Ал шынтуайтына келгенде нақтылы істен тайқып шыға келеді. Олар не өзін, не өзгені көгертпейтінін, жүрген жері айғай-шу, сөз тасу, өсек айту, реті келсін, келмесін кеңірдек керуге үйір екендігін сынға алып айтады.

Абай қазақтың әдеби тілін көркем, бейнелі сөздермен мейлінше байытты, сондықтан ақын шығармашылығын оқыған кез келген студентқарым-қатынас ортасында сөйлеу мәдениетіне үлкен мән берудің маңызын, жауапкершілігін түсіне алады деп білеміз.

Студенттер өзара қарым-қатынас барысында кей сәттерде бір-біріне еліктеуге, ортақ көңіл-күйге ие болу мақсатында бос ойын мен арзан күлкіге, орынсыз қалжыңға жол беріп жатады. Бұл жөнінде де кемеңгер Абай: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», - деп ой тастайды. Ақын пайымынша ойын-күлкі деген бір түсінік емес, ойын – бір сана, күлкі – бір сана болып ажыратылып, дараланған. Абай күлкінің ойынға қарағанда салмағының басым екендігін көрсетеді және бұл пікірін нақтылы жігіттерге қарата айтқан. Ойынқұмарлық – үлкенді қайтадан бала ететін мақсатсыздық. Ал, «күлкі қымбат» дегенде ақынның нысанаға алып отырғаны күлкінің адам болмысындағы мәні. Мән-мағынасыз езу жимас, арзан күлкі мен бос ыржың-қыржыңы адами қарым-қатынастың бағасын түсіретінін жеткізеді. «Қайсыбіріміз күлетін іске күлмей, күлмейтін жайға езу жия алмай жатамыз. Бұл күлкінің не екенін сезінбеуден туған топастық», - деп күлкінің қарым-қатынастағы қадір-қасиетін тереңнен қозғап, сөз ететін де осы дана Абай [18,222 б.].

### **Нәтижелер және талқылау**

Сонымен, тұжырымдай келе айтқанда кемеңгер ой иесі, ұлт ұстазы атанған реалист ақын Абай Құнанбайұлының қаламынан туған шығармалары мазмұнында көрініс тапқанәдептің әліппесін тереңнен танытатын даналық ойлардың тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетінқалыптастыруда, әсіресе, бүгінгі жастарымызға үлгі боларлық қайсыбір қыры болмасын танымдық- тәрбиелік мәнге ие екендігін байқауға болады.

Қарым-қатынас – жалпы адамның өмір сүруінің басты қажеттілігі, онсыз адам өмірінің еш мәні жоқ. Қоғамнан тыс адам мына өзін қоршаған әлемнің, ақиқат болмыстың, күнделікті тыныс-тіршіліктің мәнін еш сезіне алмайды. Адам қай жаста болмасын қалыпты өмір сүріп, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіріп отыруы, сондай-ақ білімді меңгеріп, тәжірибе жинақтауы үшін адамдармен үздіксіз қарым-қатынаста болады. Сол себепті де тұлғааралық қарым-қатынасқа түсуде талап етілетін басты шарт – адамгершілік пен ізгілік, әдеп пен мәдениеттің орнауы. Осы орайда адам-адам жүйесіне тән қарым-қатынас мәселесінің қыр-сырына қаныққан Абай

философиясын, шығармаларын зерттеп, зерделеу арқылы санаға сіңірудің, танудың маңызы ерекше.

### **Қорытынды**

Бүгінгі жоғары мектеп жағдайындағы академиялық ортаға тән студенттердің қарым-қатынас мәдениеті туралы өз пайымдауымызды біз абайтанушы танымал ғалым, философ Ғ.Есімнің: «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...» деген сөзімен қорытындылағымыз келеді [19,82 б.].

Расында да, Абайдың сөз қадірі мен ой қадірі орын алған кез келген шығармасымен студенттік шақта танысып, оны жүрек түкпірінен қайта бір өткізе білген ұрпақтың қарым-қатынастағы мәдениет деңгейінің жоғары болары анық. Бұл орайда бүгінгі жоғары мектеп оқытушылары мен студент жастар бірлесе отырып, күнделікті әрбір оқу-танымдық, тәрбиелік қызмет түрін ұйымдастырып, жүзеге асыруда Абай Құнанбайұлы шығармаларын педагогика ғылымының заңдылықтары мен қағидаларын негізге ала отырып, мақсатты, жоспарлы және жүйелі түрде пайдалануды жүзеге асыруы тиіс.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1]2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Кіру режимі:URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. [Қаралған күні:15.09.2021]

[2]Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Кіру режимі: URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek). [Қаралған күні:15.09.2021]

[3] Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: Өлеңдер мен поэмалар. Көркем әдебиет. – Алматы, 1957. – 368 б.

[4] Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: «Глобус» баспасы, 2013. – 468 б.

[5] Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы.Кіру режимі: URL:<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>. [Қаралған күні:12.10.2021]

[6] Зейнуллина Ж.Е. Абай Құнанбаевтың музыкалық мұралары арқылы студенттерге эстетикалық тәрбие беру: Монография. – Ақтөбе, 2018. –242 б.

[7] Психологические исследования общения. /Отв. ред. Б.Ф.Ломов и др. – Москва: Наука, 1985. – 344 с.

[8] Парыгин Б.Д. Социальная психология. Проблемы методологии, истории и теории. – СПб.: ИГУП. 1999. – 592.

[9] Панферов В.Н. Психология человеческих отношений. Избранное. – СПб.: АНО «ИПП ННЭО», 2009. – 496 с.

[10]Шерьязданова Х.Т., Еремекбаева Л.К., Әбеуова И.А., Алибаева Р.Н., Әмірбекова М.Ә. Қарым-қатынас психологиясы: Оқулық. – Алматы, 2014. – 341 б.

[11]Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2012. – 372 б.

[12] Қанапиянов Б., Хабдина Б. Абай. – Алматы, 2019. – 488 б.

- [13] Қара сөз. /Құнанбаев Абай. – Алматы: Көшпенділер. 2011. – 184 б.
- [14] Байғалиев Б., Қайранбаев Ж. Абай Құнанбайұлы: «Сен де бір кірпіш дүниеге». – Алматы, 1994. –173 б.
- [15] Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: «Ел шежіре» баспасы, 2007. – 264 б.

## REFERENCES

- [1] 2020-2025 жылдарға арналған білім берімі және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.(The state program for the development of education and science for 2020-2025) Kirý rejimi:URL:http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988. [Qaralǵan kúni: 15.09.2021]. [in Kaz.]
- [2] Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy (Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan) Kirý rejimi: URL:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\_of\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek. [Qaralǵan kúni: 15.09.2021]. [in Kaz.]
- [3] Qunanbaev A. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jmaǵy: Óleńder men poemalar. Kórkem ádebiat. (Kunanbaev A. Complete two-volume collection of his works: Poems and poems. Fiction) – Almaty, 1957. – 368 b. [in Kaz.]
- [4] Uzaqbaeva S.A. Qazaq halıq pedagogıkasy: oqý quraly.(Uzakbayeva S.A. Kazakh folk pedagogy: educational tool) – Almaty: «Globýs» baspasy, 2013. – 468 b. [in Kaz.]
- [5] Memleket basshysy Qasym Jomart Toqaev óziniń «Abai jáne XXI ǵasyrdaǵy Qazaqstan» maqalasy.( Article of Head of State Kassym Jomart Tokaev "Abai and Kazakhstan in the XXI century") Kirý rejimi: URL:https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy. [Qaralǵan kúni: 12.10.2021]. [in Kaz.]
- [6] Zemýllina J.E. Abai Qunanbaevtyń mýzykalyq muralary arqyly stýdentterge estetikalıq tárbie berý: Monografıa.(Zeynullina J.E. Aesthetic education of students through the musical heritage of Abay Kunanbayev: Monograph) – Aqtóbe, 2018. -242 b. [in Kaz.]
- [7] Psıhologıcheskıe issledovaniya obsheniya (Psychological research of communication). /Otv. red. B.F.Lomov ı dr. – Moskva: Naýka, 1985. – 344 s. [in Rus.]
- [8] Parygin B.D. Sotsialnaya psıhologıya. Problemy metodologii, istorii ı teorii.(Parygin B.D. Social psychology. The problem of methodology, history and theory) – Spb.: IGÝP. 1999. – 592. [in Rus.]
- [9] Panferov V.N. Psıhologıya chelovecheskikh otnosheniı. Izbrannoe.(Panferov V.N. Psychology of human relations. Selected) – Spb.: ANO «IPP NNEO», 2009. – 496 s. [in Rus.]
- [10] Sherázdánova H.T., Ermekbaeva L.K., Ábeýova I.A., Alıbaeva R.N., Ámirbekova M.Á. Qarym-qatynas psıhologıasy: Oqýlyq.(Sheryazdanova H.T., Ermekbaeva L.K., Abeuova I.A., Alibayeva R.N., Amirbekova M.A. Psychology of communication: Textbook) – Almaty, 2014. – 341 b. [in Kaz.]
- [11] Bahtıyarova G.R. Qazaq halqynyń dástúrli pedagogıkalyq mádenieti: tarıh, teoriya jáne praktıka. Monografıa.(Bakhtiyarova G.R. Traditional pedagogical culture of the Kazakh people: history, theory and practice. Monograph) – Aqtóbe, 2012. – 372 b. [in Kaz.]
- [12] Qanarıanov B., Habdına B. Abai.( Qanarıanov B., Habdına B. Abai) – Almaty, 2019. – 488 b. [in Kaz.]
- [13] Qara sóz.( Qara soz) /Qunanbaev Abai. – Almaty: Kóshpendiler. 2011. – 184 b. [in Kaz.]
- [14] Baǵalıev B., Qairanbaev J. Abai Qunanbauly: «Sen de bir kirpish dúnıege».( Baǵalıev B., Qairanbaev J. Abai Qunanbauly: «Sen de bir kirpish dúnıege») – Almaty, 1994. - 173 b. [in Kaz.]
- [15] Omarov D. Abaidyń rýhanı murasy.(Omarov D. Abai's spiritual heritage) – Almaty: «El shejire» baspasy, 2007. -264 b. [in Kaz.]

## **ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ АБАЯ КУНАНБАЕВА**

**\*Бахтиярова Г.Р.<sup>1</sup>, Мейірханова А.А.<sup>2</sup>, Сагадатов Р.Т.<sup>3</sup>**

**\*<sup>1</sup>к.п.н., профессор, Актюбинский региональный университет им.**

**К.Жубанова, Актобе, Казахстан**

**e-mail:aibol04@mail.ru**

**<sup>2</sup>магистр п.н., преподаватель, Актюбинский региональный университет**

**им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан**

**e-mail:aidon1395@mail.ru**

**<sup>3</sup>магистр п.н., преподаватель, Актюбинский региональный университет**

**им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан**

**e-mail:raibek.sagadatov.94@mail.ru**

**Аннотация.** В статье на основе анализа различных научных трудов дается обзор уровня изученности проблемы культуры межличностной коммуникации на современном этапе. Авторы рассматривают коммуникацию в жизни человечества как важнейшую деталь бытия и познания, знания и культуры и отмечают, что в процессе общественной коммуникации выявляются важность и необходимость воспитания людей прежде всего к культуре. Также описаны особенности современной коммуникации, характерные для студентов вузов, отмечена их ведущая роль в социализации личности. Анализируются результаты научных исследований зарубежных и отечественных ученых, широко изучавших культуру общения, характерную для обучающихся вузов и отмечается преемственность их взглядов с сегодняшним днем.

В этой связи в статье подробно рассказывается о значении воспитания культуры коммуникации современной студенческой молодежи на произведениях Абая Кунанбаева – гениального мыслителя, поэта, просветителя, учителя нации казахской степи. Всесторонне анализируются история абаеведения и идеи ученых-абаеведов, отразивших в своих трудах пути становления и совершенствования Абая не только как поэта, но и как исторической личности, занимавшего особое место в национально-духовной жизни казахского народа и познавательно-воспитательную роль наследия великого мыслителя.

Анализируя «Слова-назидания» Абая Кунанбаева, в которых рассматриваются проблема формирования духовных ценностей с помощью человеческого общения, авторы подчеркивают, что их внутреннее содержание имеет силу влияния и разнообразный характер в формировании культуры коммуникации. В заключении авторы делают вывод о большом познавательно-воспитательном значении и возможностях произведений Абая в воспитании студентов в современной академической среде к культуре коммуникации и общения, отмечают о необходимости широкой пропаганды творчества поэта среди молодежи и целенаправленного, планомерного гармоничного использования трудов великого мыслителя в учебно-воспитательном процессе вузов.

**Ключевые слова:**воспитание, студенты вузов, коммуникация, межличностная коммуникация, культура общения, традиционная педагогическая культура, национальные ценности, произведения Абая Кунанбаева

## **EDUCATION OF STUDENTS' COMMUNICATION CULTURE THROUGH THE WORKS OF ABAI KUNANBAIULY**

**\*Bakhtiyarova G.R.<sup>1</sup>, Meiirkhanova A.A.<sup>2</sup>, Sagadatov R.T.<sup>3</sup>**

**\*<sup>1</sup>c.p.s., Professor, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan**

**e-mail:aibol04@mail.ru**

<sup>2</sup>master p.s., teacher, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe,  
Kazakhstan

e-mail:aidon1395@mail.ru

<sup>3</sup>master p.s., teacher, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe,  
Kazakhstan

e-mail:raibek.sagadatov.94@mail.ru

**Abstract.** This article is devoted to review of research level of the problem of interpersonal communication culture at the present stage based on various scientific papers. The authors consider communication in the life of mankind as the most important detail of being and cognition, knowledge and culture. Also they note that the culture, being important and necessary part of education, plays first role of in the process of social communication. The typical features of university students' modern communication are also described; their leading role in the socialization of the individual is noted. The results of foreign and native scientists' research works on the university students' communication culture are analyzed and the connection of their views with today is noted.

In this regard, the article details the importance of educating the culture of communication of modern student youth through the works of Abai Qunanbaiuly – a brilliant thinker, poet, educator, teacher of the nation of the Kazakh steppe. The history of Abai studies and the ideas of Abai scholars are comprehensively analyzed, the cognitive and educational role of the heritage of the great thinker is reflecting in their writings. The ways of formation and improvement of Abai not only as a poet, but also as a historical figure, who took a special place in the national and spiritual life of the Kazakh people are shown.

Analyzing the “Words of Edification” by Abai Qunanbaiuly, which demonstrate the problem of the formation of spiritual values through human communication, the authors emphasize that their inner content has the power of influence and diversity in the formation of a culture of communication. The authors draw a conclusion about the great cognitive and educational significance and possibilities of Abai's works in teaching students to a culture of communication in the modern academic environment, note the importance for a wide promotion of the poet's work to young people and a purposeful, systematic harmonious use of the works of the great thinker in educational process at the university.

**Keywords:** education, university students, communication, interpersonal communication, communication culture, traditional pedagogical culture, national values, works by Abai Kunanbayev

*Статья поступила 06.10.2023*